Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Оқу-әдістемелік орталығы» КММ

Мәтінмен жұмыс-оқу сауаттылығын жетілдіру құралы
(авторлық бағдарлама)

Ақтау – 2025 жыл

«Бекітілді»
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Оқу-әдістемелік орталығы» КММ
сараптамалық кеңесінің
№_____хаттамасы
«_____»_____2025 ж.
К.Т.Мирова

«Мәтінмен жұмыс-оқу сауаттылығын жетілдіру құралы »
(авторлық бағдарлама)

Пікір жазғандар:
Қондыбай Медет Манасұлы
ҚазИТУ, Әлеуметтік- ғылымдар және әлем тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Алматы Авиациялық академиясының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, PhD, «Тәлімгер» ғылыми-әдістемелік орталығының директоры.
Анафияева Гульсара Кайбуллаевна
Ақтөбе облысы, Алға ауданы , Бестамақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, педагог- шебер

Автор : Сармурзина Гулбану Оналбаевна
«№13 гимназиясы» КММ бастауыш сынып мұғалімі ,педагог-шебер.

Авторлық бағдарлама мәтінмен жұмыс жасай отырып, деректерді тануға, өңдеуге, мәтінді түсіну, қабылдау арқылы оқу сауаттылығын, тілдік дағдыларын дамыту, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға бағытталған тапсырмаларды қамтиды. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш 4-сынып оқушыларына арналған.

«Ұсынылды»
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№13 гимназиясы» КММ әдістемелік кеңесінің
№____ хаттамасы
«__» мамыр 2025 ж.

_____
(Кеңес төрағасы қолы)

Мазмұны

Түсінік хат.....3-4

Тұрақталу бөлімі.....5-6

Нормативті бөлім.....7-8

Ақпараттық-әдістемелік бөлім.....9-10

Бағалау критерийі.....10-11

1-бөлім. Кіріспе.....12-14

2-бөлім. Мәтіннің құрылымымен танысу.....15-24

3-бөлім. Мәтіндермен жұмыс жасау.....25-36

4-бөлім. Мәтінді оқу және түсіну.....37-52

Пайдаланған әдебиеттер.....53-55

Түсінік хат

Жалпы сипаты:

«Мәтінмен жұмыс-оқу сауаттылығын жетілдіру құралы» атты авторлық бағдарлама типтік оқу жоспарының типтік оқу жоспарының вариативті бөлігі мен оқу бағдарламалары, сондай-ақ жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартындағы білім алушылардың білім-білік дағдыларына қойылатын талаптарды есепке ала отырып жасақталды.

Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарда сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ның 27.07.2007 жылғы №319-III «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылғы толықтырулар мен өзгертулер негізінде)» сәйкес әзірленді. Бастауыш 4-сынып оқушыларына таңдау пәні курсы негізінде ұсынылып отыр. Бағдарлама мазмұнына аптасына 1сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілді.

Бағдарламаның мақсаты: 4-сынып оқушыларының мәтінді түсіну, қабылдау арқылы оқу сауаттылығын, тілдік дағдыларын дамыту, функционалдық сауаттылықтарын арттыру

Міндеттері:

1. Мәтінді дауыстап, мәнерлеп оқу;
2. Мәтіннің формалды сипаттамасын зерттеп, не туралы екенін болжау;
3. Мәтіннен қажетті ақпараттарды алу;
4. Жаңа білімді өз бетінше алу дағдысын дамыту;
5. Жас ерекшелігіне сай мәтіндік ақпарат бірліктерін (МАБ) анықтау;
6. Мәтінді өмірлік тәжірибесімен байланыстыру;
7. Мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру;
8. Мәтіннің негізгі бөліктерінің мәнін тұжырымдау;

Бағдарламаның өзектілігі:

Мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау бүгінгі күні өзекті. Өйткені, әлемдік контексте оқу сауаттылығы баланың қоғамдық құндылықтарды тануға, ақпараттық құзіреттілігінің қалыптасуына әсер етуші құрал болып саналады. Бастауыш сыныпта жас ерекшелігіне сай мәтінді қатесіз оқып, тәрбиелік мәнін ашып, ақпараттарды түсініп, игере алатын оқушыларды дайындау үшін мәліметтерді сауатты ұсыну шеберлігі де өте өзекті болып табылады. Оқу сауаттылығы ақпараттармен дұрыс жұмыс жасап, дереккөздерді анықтаумен ғана шектелмейді, ол функционалдық сауаттылықты да дамытады. Білгенімен бөлісе отырып, коммуникабельдік, тілдік дағдылары да жолға қойылатын маңызды жұмыс түрі-мәтінмен жұмыс. Мәтіннің мазмұнына сай тапсырмалар орындату, болжау жасау сыни ойлауын дамытады.

Бағдарламаның жаңалығы:

Мәтін түрлері бойынша берілген тапсырмаларды өмірлік жағдайларға бейімдеу, жасанды интеллект көмегімен тәжірибелік тапсырмалар орындау, өздеріне мәтін құрату арқылы шығармашылықтарын дамыту, сабақ үстінде жоба жасап, зерттеулер ұйымдастыру арқылы қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.

Бағдарламаның бағыты:

Бағдарлама оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, байланыстыра сөйлеуге, ақпараттарды табуға, өңдеуге, жас ерекшелігіне сай мәтіндік ақпарат бірліктерін (МАБ) анықтауға, топта зерттеу жасау, жоба құру арқылы шағармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның педагогикалық жаңалығы:

Мәтінді мағыналы бағдарлы саты, қисынды мағыналық саты, мазмұнды мағыналы саты, сенсорлық естілім сатыларында топтастырып, түсінуі мен қабылдауын жеңілдететін әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жоба жасау, зерттеу жүргізу арқылы сын тұрғысынан ойлауға жетелейді.

Бағдарламаның психологиялық жаңалығы:

Мәтіндегі оқиға мен кейіпкердің іс-әрекетіне сай эмоцияларды көрсету арқылы психологиялық аспектілерді қабылдауы жетілдіріледі. Топта жұмыс жасау арқылы өзге оқушылардың қолдауын сезінеді. Зерттеу жасау арқылы жаңаны тануға деген қызығушылықтары артады.

Күтілетін нәтиже:

1.Мәтінді дауыстап, мәнерлеп оқиды;
2.Мәтіннің формалды сипаттамасын зерттейді, не туралы екенін болжайды;
3.Мәтіннен қажетті ақпараттарды алады;
4.Жаңа білімді өз бетінше алу дағдысы дамиды;
5.Жас ерекшелігіне сай мәтіндік ақпарат бірліктерін (МАБ) анықтайды;
6.Мәтінді өмірлік тәжірибесімен байланыстырады;
7.Мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді;
8.Мәтіннің негізгі бөліктерінің мәнін тұжырымдайды;

Тұрақталу бөлімі

(аптасына 1 сағат, барлығы – 34 сағат)

Бағдарламада дәрістік сабақтар мен тәжірибелік сабақтар араластырып берілген

№	Тақырыбы	Сағат саны	Нәтиже
1	Кіріспе. Мәтін және оның түрлері	1	Мәтіннің түрлерін нақты мысалдар келтіру арқылы қайталайды;
2	Сөйлеу түрлері	1	Сөйлеу түрлерін қайталайды
3-4	Мәтіннің негізгі ойын анықтау. Сұхбат құрастыру.	2	Мәтіннің негізгі ойын анықтап, сол бойынша сұхбат жүргізеді, сөйлеу мәдениеті дамиды;
5-6	Тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру	2	Тірек сөздерді анықтап, өз мәтінін құрастырады
7	Мәтіндік ақпарат бірліктерін анықтау	1	Мәтіндік ақпарат бірліктері бойынша мәтінді талдайды
8	Мәтінге жоспар құру, сұрақтар әзірлеу	1	Жоспар бойынша құраған мәтіндеріне сұрақтар дайындайды
9	Сурет бойынша мазмұндама жазу	1	Сюжетті сурет бойынша тақырыбын анықтап, мазмұндама жазады
10-11	Ақпараттық мәтіндермен жұмыс	2	Ақпараттық мәтіндерді анықтайды, пікірлерді тексереді
12-13	Әдеби мәтіндермен жұмыс	2	Әдеби мәтіндердің ерекшелігін қайталайды, сюжетін талдайды, кейіпкерге баға береді
14-15	Ғылыми мәтіндермен жұмыс	2	Ғылыми мәтіндердегі ақпараттармен жұмыс жасау арқылы ғылыми тілі дамиды
16-17	Аралас мәтіндермен жұмыс	2	Мәтіндегі оқиғаға қатысты өз тәжірибесімен бөліседі
18-19	Дискретті мәтіндермен жұмыс	2	Мәтіннен қажетті ақпараттарды алады, толықтырады
20	Мәтіндердің түрлерін анықтау	1	Мәтін түрлері бойынша алған білім-білік дағдыларын жүйелейді
21-22	Ы.Алтынсариннің әңгімелерімен жұмыс,талдау	2	кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере отырып, әңгімелердің тәрбиелік мәнін аша алады
23	М.Әуезов. «Көксерек»	1	Мәтінді талдайды, автордың ойына баға беріп,өз тәжірибесімен бөліседі
24-25	Ұлттық ойындар туралы мәтіндермен жұмыс	2	Қажетті білімді дереккөздердің көмегімен өз бетінше алады
26-27	Ұлттық тағамдар туралы мәтіндермен жұмыс	2	Ақпарат көздерінен өзіне қажетті білімді алады, бөліседі
28-29	Ұлттық киімдер туралы мәтіндермен жұмыс	2	Мәтіннен керек ақпараттарды бөліп алады, толықтырады, өзгертеді
30-31	Ұлттық мерекелер туралы мәтіндермен жұмыс	2	Мәтінді болжау әдісі бойынша талдайды, ақпараттарды саралайды

32	Табиғат құбылыстары туралы мәтіндермен жұмыс	1	«Болжау» әдісі арқылы мәтін құрастырады
33	Жоспар бойынша мәтін құрастыру	1	Жоспар бойынша құраған мәтіндеріне сұрақтар дайындайды
34	Сурет бойынша мәтін құрап жазу	1	Сюжетті сурет бойынша тақырыбын анықтап, мазмұндама жазады

Нормативті бөлім

(аптасына 1 сағат, барлығы – 34 сағат)

№	Тақырыбы		Сағат саны			Білім өнімі
			Барлығы	Лекция	Тәжирибе	
1-бөлім. Кіріспе -2сағат						
1	Кіріспе. Мәтін және оның түрлері	Мәтіннің түрлерін қайталау, мысалдар келтіру	1	1		Мәтіннің түрлерін нақты мысалдар келтіру арқылы қайталайды;
2	Сөйлеу түрлері	Ауызша және жазбаша сөйлеу түрлерін қайталау	1	1		Сөйлеу түрлерін қайталайды
2-бөлім. Мәтіннің құрылымымен танысу – 7сағат						
3-4	Мәтіннің негізгі ойын анықтау. Сұхбат құрастыру.	Мәтіннің негізгі ойын анықтау, сол бойынша сұхбат құрастыру	2	1	1	Мәтіннің негізгі ойын анықтап, сол бойынша сұхбат жүргізеді, сөйлеу мәдениеті дамиды;
5-6	Тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру	Тірек сөздерді анықтап, мәтін құрастыру,	2	1	1	Тірек сөздерді анықтап, өз мәтінін құрастырады
7	Мәтіндік ақпарат бірліктерін анықтау	Мәтіндік ақпарат бірліктерін анықтау арқылы талдау	1	1		Мәтіндік ақпарат бірліктері бойынша мәтінді талдайды
8	Мәтінге жоспар құру, сұрақтар әзірлеу	Жоспар бойынша мәтін құрастыру, сұрақтар әзірлеу	1		1	Жоспар бойынша құраған мәтіндеріне сұрақтар дайындайды
9	Сурет бойынша мазмұндама жазу	Сюжетті сурет бойынша тақырыбын қою, мазмұндама жазу	1		1	Сюжетті сурет бойынша тақырыбын анықтап, мазмұндама жазады
3-бөлім. Мәтіндермен жұмыс жасау -11 сағат						
10-11	Ақпараттық мәтіндермен жұмыс	Ақпараттық мәтіндерді анықтау, пікірлерді тексеру	2	1	1	Ақпараттық мәтіндерді анықтайды, пікірлерді тексереді
12-13	Әдеби мәтіндермен жұмыс	Әдеби мәтіндердің ерекшелігін қайталау, сюжетін талдау	2	1	1	Әдеби мәтіндердің ерекшелігін қайталайды, сюжетін талдайды, кейіпкерге баға береді
14-15	Ғылыми мәтіндермен жұмыс	Ғылыми мәтіндердегі ақпараттармен	2	1	1	Ғылыми мәтіндердегі ақпараттармен жұмыс жасау

		жұмыс жасау				арқылы ғылыми тілі дамиды
16-17	Аралас мәтіндермен жұмыс	Мәтіндегі оқиғаға қатысты өз тәжірибесімен бөлісу	2	1	1	Мәтіндегі оқиғаға қатысты өз тәжірибесімен бөліседі
18-19	Дискретті мәтіндермен жұмыс	Мәтіннен қажетті ақпараттарды алу, толықтыру	2	1	1	Мәтіннен қажетті ақпараттарды алады, толықтырады
20	Мәтіндердің түрлерін анықтау	Мәтін түрлері бойынша алған білім-білік дағдыларын жүйелеу	1		1	Мәтін түрлері бойынша алған білім-білік дағдыларын жүйелейді
4-бөлім. Мәтінді оқу және түсіну сапасын арттыру -14 сағат						
21-22	Ы.Алтынсариннің әңгімелерімен жұмыс,талдау	Әңгімелердің тәрбиелік мәнін ашу, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру	2	1	1	Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере отырып, әңгімелердің тәрбиелік мәнін аша алады
23	М.Әуезов. «Көксерек»	Мәтінді талдау, автордың ойына баға беру,өз тәжірибесімен бөлісу	1	1		Мәтінді талдайды, автордың ойына баға беріп,өз тәжірибесімен бөліседі
24-25	Ұлттық ойындар туралы мәтіндермен жұмыс	Қажетті білімді дереккөздердің көмегімен өз бетінше алу	2		2	Қажетті білімді дереккөздердің көмегімен өз бетінше алады
26-27	Ұлттық тағамдар туралы мәтіндермен жұмыс	Ақпарат көздерінен өзіне қажетті білімді алу, бөлісу	2		2	Ақпарат көздерінен өзіне қажетті білімді алады, бөліседі
28-29	Ұлттық киімдер туралы мәтіндермен жұмыс	Мәтіннен керек ақпараттарды бөліп алу, толықтыру, өзгерту	2		2	Мәтіннен керек ақпараттарды бөліп алады, толықтырады, өзгертеді
30-31	Ұлттық мерекелер туралы мәтіндермен жұмыс	Мәтінді болжау әдісі бойынша талдау, ақпараттарды саралау	2		2	Мәтінді болжау әдісі бойынша талдайды, ақпараттарды саралайды
32	Табиғат құбылыстары туралы мәтіндермен жұмыс	Мәтіннің соңын болжау арқылы мәтінді аяқтау	1		1	«Болжау» әдісі арқылы мәтін құрастырады
33	Жоспар бойынша мәтін құрастыру	Жоспар бойынша мәтін құрастыру, сұрақтар әзірлеу	1		1	Жоспар бойынша құраған мәтіндеріне сұрақтар дайындайды
34	Сурет бойынша мәтін құрап жазу	Сюжетті сурет бойынша тақырыбын қою, мазмұндама	1		1	Сюжетті сурет бойынша тақырыбын анықтап, мазмұндама жазады

		жазу				
Барлығы			**34**	**12**	**22**	

Ақпараттық – әдістемелік бөлім
(аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат)

Бөлімдері	**Сипаттамасы**
1-бөлім Кіріспе 2 сағат	«Кіріспе. Мәтін және оның түрлері», «Сөйлеу түрлері» тақырыптары қамтылған. Кіріспе бөлімде мәтін түрлері туралы білімдерін еске түсіреді, жинақтайды, мәтіндерді түрлеріне қарай ажыратады. Ауызша және жазбаша сөйлеу түрлеріне мысал келтіреді. «Миға шабуыл», «Ақпараттық карта» әдістері қолданылады.
2-бөлім Мәтіннің құрылымымен танысу 7 сағат	«Мәтіннің негізгі ойын анықтау. Сұхбат құрастыру», «Тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру», «Мәтіндік ақпарат бірліктерін анықтау», «Мәтінге жоспар құру, сұрақтар әзірлеу», «Сурет бойынша мазмұндама жазу» тақырыптары қамтылған. Бұл бөлімде мәтіннің құрылымымен жұмыс жасайды, сұрақтар құрастырып, сұхбат әзірлейді.Нұсқаулықтар бойынша жұмыстанады. МАБ анықтайды. «Бес жолды өлең», «Ақиқат пен жалған», «Пікірлер алаңы» сияқты әдістер мен сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ойын технологиясы қолданылады.
3-бөлім Мәтіндермен жұмыс жасау 11 сағат	«Ақпараттық мәтіндермен жұмыс», «Әдеби мәтіндермен жұмыс», «Ғылыми мәтіндермен жұмыс», «Аралас мәтіндермен жұмыс», «Дискретті мәтіндермен жұмыс», «Мәтіндердің түрлерін анықтау» тақырыптары қамтылған. Бұл бөлімде ақпараттық мәтіндерді анықтайды, пікірлерді тексереді, әдеби мәтіндердің ерекшелігін қайталайды, сюжетін талдайды, кейіпкерге баға береді, ғылыми мәтіндердегі ақпараттармен жұмыс жасау арқылы ғылыми тілі дамиды, мәтіндегі оқиғаға қатысты өз тәжірибесімен бөліседі, мәтіннен қажетті ақпараттарды алады, толықтырады, мәтін түрлері бойынша алған білім-білік дағдыларын жүйелейді. Қолданылатын технологиялар: ақпарттық технология, сын тұрғысынан ойлау, Блум таксономиясы бойынша сұрақтар тізбегі, тірек сызбалар технологиясы.

4-бөлім Мәтінді оқу және түсіну сапасын арттыру 14 сағат	«Ы.Алтынсариннің әңгімелерімен жұмыс,талдау», «М.Әуезов.«Көксерек», «Ұлттық ойындар туралы мәтіндермен жұмыс», «Ұлттық тағамдар туралы мәтіндермен жұмыс», «Ұлттық киімдер туралы мәтіндермен жұмыс», «Ұлттық мерекелер туралы мәтіндермен жұмыс», «Табиғат құбылыстары туралы мәтіндермен жұмыс», «Жоспар бойынша мәтін құрастыру» , «Сурет бойынша мәтін құрап жазу» тақырыптары қамтылған. Бұл бөлімде кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере отырып, әңгімелердің тәрбиелік мәнін аша алады, мәтінді талдайды, автордың ойына баға беріп,өз тәжірибесімен бөліседі, қажетті білімді дереккөздердің көмегімен өз бетінше алады, ақпарат көздерінен өзіне қажетті білімді алады, бөліседі.

Бағалау критерийі

Критерийлер	Дескриптор	балл
Теориялық сабақтар үшін	Өз тәжірибесімен ұштастыру	3
	Әдеби терминдерді қолданып сөйлеу	3
	Кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттау	3
	Автордың идеясы мен мақсатын дұрыс түсіну	3
	Өз ойын анық, баяндау стилінде жеткізу	3
Тәжірибелік сабақтар үшін	Мәтіндегі негізгі ойды дәлелдеу	5
	Жеке көзқарасын қорғау	5
	Әдеби нормаға сай тапсырмаларды орындау	5
	Кейіпкерлер арасындағы байланысты дұрыс анықтау,көрсету	5
	Мәтіндегі ақпараттармен қатесіз жұмыс жасау, белгілеу	5
	Грамматикалық тапсырмаларды қатесіз орындау	5
	Топта зерттеу жасауға қатысу	5
Барлығы:		**50 балл**

Сабақ №1

Бөлім:	**Кіріспе**		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сабақ	Лекция сабақ		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	**Кіріспе. Мәтін деген не?**		
Оқу мақсаты	Мәтіннің түрлерін қайталау, мысалдар келтіру		
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің түрлерін нақты мысалдар келтіру арқылы қайталайды;		
Сабақ барысы			

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** Күннің нұрын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстап қаламын. Жарық, жылы, қызық әрі мейірімді Болып кетер сонда дереу жан-жағым	Бір-біріне жақсы тілектер айтады	Қолдау Мадақтау	слайд
Сабақтың ортасы 5 мин	**Көпірше сұрақтары бойынша жаңа сабаққа кіріспе жасау** -Мәтін дегеніміз не? -Оның қанша түрі бар? -Мәтін неден құралады? Тірек сызба бойынша тексеру Мәтін түрлері әңгімелеу | сипаттау | пайымдау сұрағы | ? | ? мысал | ? | ?	Сұрақтарға жауап береді	Көңіл-күй смайликтерін беру	Смайлик сызба
10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** Мәтіндерді түрлеріне қарай сәйкестендір. -Мәтіндерді қандай белгілері бойынша сәйкестендірдіңдер? -Түрлерін қалай анықтадыңдар?	Берілген мәтіндерді түрлерімен сәйкестендіреді, өз жауаптарын дәлелдейді.	Дескриптор: -1-мәтінді сәйкестендіреді -2-мәтінді сәйкестендіреді -3-мәтінді сәйкестендіреді	Тапсырма жазылған қағаз, слайд, қалам
2мин	**Сергіту сәті** **Санау арқылы жаттығулар жасату**	Санау арқылы жаттығулар жасайды	Қолдау мадақтау	слайд
10 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** Құрылымы толық емес мәтін беріледі. Көп нүктенің орнына тиісті сөздер мен сөз тіркестерін қойып, мәтінді толықтырады.	Құрылымы толық емес мәтінді толықтырады. Мәтін түрін	Дескриптор: -Мәтінді оқиды; -Мәтінді толықтарды; -Түрін	Тапсырма жазылған қағаз, слайд, қалам

10 мин	Қай түрі екенін анықтайды. **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Сипаттау мәтінін пайымдау мәтініне айналдыр **Термин сөз:** эпитет деген не? - Ол мәтіннің қай түрінде қолданылады?	анықтайды. Әңгімелеу мәтінін сипаттау мәтініне айналдырады.	анықтайды; Дескриптор: -мәтіннің түрін анықтайды -пайымдау мәтініне айналдырады;	Слайд куар код
Сабақтың соңы 5мин	Кері байланыс Рефлексия - « QR код» әдісі - Куар кодты сканерлеп тест сұрақтарына жауап беру	Сұрақтарға жауап береді. Кері байланыс жасайды	Қолдау мадақтау	Слайд Тест

Сабақ №2

Бөлім:	**Кіріспе**			
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сабақ	Практикалық сабақ			
Сынып: 4	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	**Сөйлеу түрлері**			
Оқу мақсаты	4.1.1.1 – Сөйлеу түрлерін (ауызша, жазбаша, ішкі, сыртқы) ажырату			
Сабақтың мақсаты	Сөйлеу түрлерін қайталайды			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Жылы сөздер шеңбері» әдісі	Бір-біріне жақсы тілектер айтады	Қолдау Мадақтау	слайд

Сабақтың ортасы 5 мин	**Жаңа сабаққа кіріспе жасау** 1. Ауызша сөйлеу – сөйлесу, әңгімелеу 2. Жазбаша сөйлеу – хат, шығарма жазу 3. Ішкі сөйлеу – адамның ішкі ойы 4. Сыртқы сөйлеу – дауыстап айту, сөйлеу әрекеті	Дәптермен жұмыс	Көңіл-күй смайликтерін беру	Слайд, үлестірме
10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** Сөйлеу түрлеріне қарай сәйкестендір. -Сөйлеу түрлерін қандай белгілері бойынша сәйкестендірдіңдер? -Түрлерін қалай анықтадыңдар?	Сөйлеу түрлерін сәйкестендіреді, өз жауаптарын дәлелдейді.	Дескриптор: -1-ауызша сөйлеуді сәйкестендіреді -2-жазбаша сөйлеуді сәйкестендіреді -3-ішкі сөйлеуді сәйкестендіреді -4-сыртқы сөйлеуді сәйкестендіреді	Тапсырма жазылған қағаз, слайд, қалам
10 мин 12 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** 4 топқа сөйлеу түрлеріне қатысты сурет беріледі. Сурет арқылы сөйлеу түрлерін анықтайды. **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Хат жазу	Сөйлеу түрін анықтайды. Хат жазады	Дескриптор: -Суретті салыстырады; -Түрін анықтайды; Дескриптор: -Хат жазу құрылымын сақтайды -сауатты жазады;	Суреттер, слайд, қалам Слайд
Сабақтың соңы 5мин	Кері байланыс – Сөйлеудің неше түрі бар? – Қай сөйлеу түрімен жиі сөйлесеміз? – Сөйлеу түрлері не үшін қажет? Рефлексия «Бес саусақ» әдісі	Сұрақтарға жауап береді. Кері байланыс жасайды Саусақтарға сәйкес өз пікірін жазады не айтып береді	Қолдау мадақтау	Слайд, саусақ сызбасы

Сабақ №3,4

Бөлім:	**Мәтіннің құрылымымен танысу**	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сабақ	Аралас сабақ	
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мәтіннің негізгі ойын анықтау. Сұхбат құрастыру.	
Оқу мақсаты	4.2.1.2 – Мәтіннің негізгі ойын анықтау 4.3.3.1 – Сұхбат түрінде мәтін құрастырып жазу	
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің негізгі ойын анықтап, сол бойынша сұхбат жүргізеді, сөйлеу мәдениеті дамиды;	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Сиқырлы микрофон» әдісі	Бір-біріне жақсы тілектер айтады	Қолдау Мадақтау	микрофон
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** Оқушыларға мәтін беріледі. Тапсырма. -Бұл әңгіме не туралы болды? -Мәтіндегі негізгі ой қандай? **Жаңа тақырып түсіндіру** – Негізгі ой дегеніміз – мәтін авторының жеткізгісі келген басты мазмұны – Сұхбат дегеніміз – екі не одан да көп адамның әңгімелесу түрі	Берілген мәтінді оқиды, негізгі ойды анықтайды.	Ауызша мадақтау	Слайд, үлестірмелі мәтіндер
10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді. – Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы. – Оның себебі, балам, анау	Мәтіннен негізгі ойды анықтайды, сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор: - Мәтіннен негізгі ойды анықтайды - сұрақтарға жауап береді	Мәтін жазылған қағаз, слайд, қалам

	ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесілген. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, - деді атасы. – Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, - деді баласы. Мәтіннің негізгі ойын анықтап, сұрақтарға жауап береді. -1. Бала бақшада неге таңғалды? -2. Ағаш неге қисық өскен екен? 3. Мәтіндегі соңғы сөйлемнің мағынасын қалай түсіндің?			
12 мин 10 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** -1-топ Мәтіндегі негізгі ойды анықтау -2-топ Еркін тақырыпта сұхбат жүргізу -3-топ Мәтінге қорытынды жасау **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Берілген мәтін бойынша қорытынды ой. -Сен өскенде қандай ағашқа ұқағың келеді? Себебі?	-Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды. -Еркін тақырыпта сұхбат жүргізеді - Мәтінге қорытынды жасайды	Дескриптор: - Негізгі ойды анықтайды.; - Сұхбат жүргізеді; - Мәтінге қорытынды жасайды Дескриптор: -Таңдау жасайды -себебін дәлелдейді;	Суреттер, слайд, қалам Слайд
Сабақтың соңы 5мин	Бекіту – Мәтіннің негізгі ойын қалай табамыз? – Сұхбат дегеніміз не? – Саған сұхбат ұнады ма? Кері байланыс «Сөйлеу көпірі» әдісі – Сабақта не үйрендің? – Енді неге мән берер едің? – Келесі сабақта нені білгің келеді?	Сұрақтарға жауап береді. Кері байланыс жасайды	Қолдау мадақтау	Слайд, Кері байланыс парағы

Сабақ №5,6

Бөлім:	**Мәтіннің құрылымымен танысу**			
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сабақ	Аралас сабақ			
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру			
Оқу мақсаты	4.3.3.1 – Тірек сөздер арқылы мәтін құрастырып жазу			
Сабақтың мақсаты	Тірек сөздерді анықтап, өз мәтінін құрастырады			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Сиқырлы сөз» әдісі	Бір-біріне жақсы тілектер айтады	«Көңіл-күй стикері»	Слайд, стикер
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** Мұғалім, кітап, білім, мектеп сөздерінің байланысын анықтау, мәтін құру **Жаңа тақырып түсіндіру** – Тірек сөздер – мәтін құрауға негіз болатын, мағыналы негізгі сөздер – Тірек сөздерді пайдаланып, ойымызды жинақтап, мәтін құрамыз	Болжам жасайды, сөздердің байланысын анықтайды, мәтін құрады.	Ауызша кері байланыс	Тақта, маркер Сөздер жазылған карточкалар
10 мин	Жұптық жұмыс Тапсырма Анаға құрмет Аналар күні қарсаңында біздің отбасымыздағы балалардың үлкені Асқар: – Аналар күні жақын қалды, анамызға сыйлық дайындайық, – деп ұсыныс жасады. – Анамызға беретін сыйлықты өзіміз қолдан жасайық, – дедім. Асқар мектеп шеберханасынан үлкен қондырғы жасап әкелді. Мен оған ақ мата керіп, оның ортасына күннің суретін салдым. Маржан мен салған сурет бойынша кесте тікті. Бүкіл ғаламға сәулесін таратып тұрған күннің ортасына анамыздың суретін орналастырдық. Суреттің астына мен «Ана – біздің күніміз!» деп әдемілеп жаздым. -Асқар бауырларына қандай	Мәтіннен негізгі ойды анықтайды, сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор: - Мәтіннен негізгі ойды анықтайды - сұрақтарға жауап береді	Мәтін жазылған қағаз, слайд, қалам

	ұсыныс жасады? - Олар не себепті анасына беретін сыйлықты қолдан жасағысы келді? -Асқар қондырғыны қайдан әкелді? -Сыйлықтың ортасына ненің суретін салды? - Неге суреттің астына “Ана-біздің күніміз” деп жазды?			
12 мин 10 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** -1-топ Білім -2-топ Бақыт -3-топ Еңбек -4-топ Ақыл тақырыптарына тірек сөздер арқылы мәтін құру **Жеке жұмыс** **Тапсырма** «Анаға құрмет» мәтінінен тірек сөздерді табады	Мәтінді тірек сөздер арқылы құрады	Дескриптор: - Тақырыпқа өз ойларын топта талқылайды; -Тірек сөздерді таңдайды ; - Тірек сөздерді қолданып мәтін құрады -Мәтіннің құрылу жүйесін сақтайды Дескриптор: -Таңдау жасайды -себебін дәлелдейді;	Карточка, флипчарт Слайд
Сабақтың соңы 5мин	Бекіту – Тірек сөздер не үшін керек? – Тірек сөздерсіз мәтін құрауға бола ма? – Қандай тақырыппен мәтін жазу қиын болды? **Кері байланыс** «Мен білдім...» әдісі – Бүгін мен білдім... – Енді мен... жасай аламын – Мен үшін қиын болды..	Сұрақтарға жауап береді, өз ойымен бөліседі Кері байланыс жасайды	Қолдау мадақтау	Слайд, Кері байланыс парағы

Сабақ №7

Бөлім:	**Мәтіннің құрылымымен танысу**		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сабақ	Практикалық сабақ		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Мәтіндік ақпарат бірліктерін анықтау		
Оқу мақсаты	4.2.2.1 – Мәтіндегі ақпараттың бірліктерін (тақырып, негізгі ой, деталь) анықтау		
Сабақтың мақсаты	Оқушылар мәтінді оқи отырып, ондағы ақпараттық бірліктерді: тақырып, негізгі ой, қосымша мәліметтерді (детальдарды) ажыратады.		

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Жылулық шеңбері» әдісі	Бір-біріне жақсы тілектер айтады	«Көңіл-күй стикері»	Слайд, стикер
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** 1. Менің күшігім бар. 2. Оның аты – Мойнақ. 3. Мойнақ-сүйкімді, ақылды күшік. Осы сөйлемдерден басты, қосымша ақпараттарды анықта. **Жаңа тақырып түсіндіру** – Мәтін ақпараттың бірліктерінен тұрады: 1) Тақырып 2) Негізгі ой 3) Деталь (қосымша ақпарат) Оларды ажырату мәтінді жақсы түсінуге көмектеседі	Жауап беріп, ақпараттың маңыздылығын саралайды Дәптермен жұмыс	Ауызша кері байланыс	Тақта, маркер Слайд, тірек сызбалар
12 мин	**Топтық жұмыс** Тапсырма Қуаныш Айжан биыл ғана мектеп табалдырығын аттады. Бір күні сабақтан келсе, үстел үстінде күнтізбенің жыртылған беті жатыр. Есіне түсе кетті. Бұл күн – анасының туған күні. Сондықтан анасы жұмыстан келгенше сыйлық әзірлеуді ойлайды. «Не сыйлауға болады?» деген ой мазалай берді. Әрі ойлап, бері ойлап, кітап пен айна алуға тоқтағанда, ақшасы жоқ екені есіне түсті.	Мәтіннен ақпаратты анықтап, кестеге толтырады	Дескриптор: - Мәтінді түсінеді - Ақпарат бірліктерін дұрыс орналастырады	Мәтін жазылған қағаз, слайд, қалам

	Енді не істеу керек? Ол соны ойлай жүріп, үй ішін жинады. Заттарды айнадай етіп, ысқылап сүртті. Кесте толтыру: Берілген мәтін бойынша төмендегі бөліктерді анықта. -Тақырып: - Негізгі ой: -Қосымша мәліметтер:			
10 мин 10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** «Қуаныш» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап береді 2. Бүгін кімнің туған күні екен? 3. Айжан анасына қандай сыйлық сыйлағысы келді? 4. Ол неге сыйлық сатып ала алмады? 5. Ол анасын қалай қуантты деп ойлайсың? 6. Сен Айжанның орнында болсаң не істер едің? **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Анаң үшін қандай сыйлық бағалы деп ойлайсың?	Мәтіндегі ақпараттың бірліктерін анықтайды, сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: - Мәтіндегі ақпараттың бірліктерін анықтайды - сұрақтарға жауап береді Дескриптор: -Таңдау жасайды -себебін дәлелдейді;	Карточка, флипчарт Слайд
Сабақтың соңы 5мин	**Бекіту** – Ақпараттың ең маңызды бөлігі қайсы? – Тақырып пен негізгі ойдың айырмашылығы қандай? – Қосымша мәліметтер не үшін қажет? **Кері байланыс** «Ақпараттық дорба» әдісі: – Бүгін алған 1 маңызды ақпаратты қағазға жазып, ортақ себетке тастайды	Сұрақтарға жауап береді, өз ойымен бөліседі Кері байланыс жасайды	Қолдау мадақтау	Слайд, Қағаз, себет

Сабақ №8

Бөлім:	**Мәтіннің құрылымымен танысу**		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сабақ	Практикалық сабақ		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Мәтінге жоспар құру, сұрақтар әзірлеу		
Оқу мақсаты	4.2.2.2 – Мәтіннің мазмұнына сәйкес жоспар құру және сұрақтар әзірлеу		
Сабақтың мақсаты	Оқушылар мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрады және мәтінге байланысты сұрақтар әзірлей алады.		

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** **«Заряд алу»** тренингі	Бір-біріне жақсы тілектер айтады	Ауызша мадақтау	Слайд, стикер
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** Қысқа мәтін оқылады: «Үйден асығыс шыққан Арман жолда көптен көрмеген досын көріп, тоқтады...» Сұрақ: Осы мәтінге жоспар құруға бола ма?. **Жаңа тақырып түсіндіру** – Мәтін мазмұнын бөліктерге бөлу арқылы жоспар жасалады – Жоспардың әр бөлімі – мәтіннің бір бөлігіне қатысты – Сұрақ құрастыру – мәтінді толық түсінуге көмектеседі	Болжау жасайды, өз ойын айтады Тыңдайды, мысалмен дәптерге жазады	Ауызша мадақтау	Қысқа мәтін Слайд, тірек сызбалар
12 мин	**Топтық жұмыс** **Бақыт құсы** **(**Ертегі) – Әке, – деді бірде Әмзе сапардан оралған әкесіне, – маған бақыт құсын сатып әперші... Кезекті сапарына жиналған әкесі мақұлдады. Әмзе әкесін ұзақ күтті. Араға айлар, жылдар салып оралған әкесі: – Таппадым, балам. Бақыт құсы еш жерде сатыл- майды екен, – деді. – Ендеше, өзім іздеймін.	Мәтінді бөліктерге бөледі, жоспар құрады, ашық сұрақтар құрастырады	Дескриптор: - Мәтінді бөліктерге бөледі - ашық сұрақтар құрастырады жоспар құрады	Мәтін парағы, маркер

	Әмзе жолға жиналды. Ол жұмысқа қырсыз еді. Құдықтан су тартуды да білмейтін. Жастайынан ерке өскен. Өзі айтқанынан қайтпайтын. Сөйтіп, ол бақыт құсын іздеуге шықты. -1-топ-Мәтінді бөліктерге бөлу –2-топ Мәтінге жоспар құру –3-топ Мәтін бойынша ашық сұрақтар құрастыру			
10 мин 10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** «Бақыт құсы» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап береді 1. Мәтін бойынша 2 ашық сұрақ жаз 2. Мәтін кейіпкерлерін жаз. **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Бақыт құсын сатып алуға бола ма?	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, ашық сұрақтар құрастырады	Дескриптор: - Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді - ашық сұрақтар құрастырады Дескриптор: -Таңдау жасайды -себебін дәлелдейді;	Карточка, флипчарт Слайд
Сабақтың соңы 5мин	**Бекіту** -Жоспар не үшін қажет? – Ашық сұрақ дегеніміз қандай сұрақ? – Жоспар құрудың қандай пайдасы бар? **Кері байланыс** «Сэндвич» әдісі: – Маған ұнады... – Мен қиналдым... – Менің келесі мақсатым...	Сұрақтарға жауап береді, өз ойымен бөліседі Кері байланыс жасайды	Қолдау мадақтау	Слайд, стикер

Сабақ №9

Бөлім:	**Мәтіннің құрылымымен танысу**		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сабақ	Практикалық сабақ		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Сурет бойынша мазмұндама жазу		
Оқу мақсаты	4.3.1.1 – Сюжетті сурет бойынша мазмұндама жазу		
Сабақтың мақсаты	Суреттегі негізгі әрекетті анықтап, логикалық ретпен мазмұндама құрастырып жаза алады.		
Сабақ барысы			

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Сиқырлы сурет» ойыны	Оқушылар өздерін суреттегі кейіпкер ролінде қойып, ойын айтады	«Жарайсың!» әдісі	Суреттер
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** Сюжетті суреттер арқылы, сұрақтар қойылады: – Бұл суреттен нені байқадың? – Бұл оқиға қашан, қайда болған? – Кейіпкерлер кімдер? **Жаңа тақырып түсіндіру** – Сурет бойынша мазмұндама жазу кезеңдері: 1. Суретті мұқият бақылау 2. Сұрақтар қою 3.Оқиға ретін анықтау 4. Мәтінге жоспар жасау 5. Жазу	Болжау жасайды, өз ойын айтады Тыңдайды, мысалмен дәптерге жазады	Ауызша мадақтау	Сюжетті сурет Слайд, тірек сызбалар
12 мин	**Топтық жұмыс** **3 топқа сюжетті сурет беріледі** -Кейіпкерлерді ата – Оқиға орнын тап – Уақытын анықта – Мәтіннің басталуы, дамуы, соңы бойынша жоспар құр	Суретті сипаттайды, мәтіндегі кейіпкерлерді табады, мәтінге жоспар құрады	Дескриптор: - Суретті сипаттайды - Мәтіндегі кейіпкерлерді табады - Мәтінге жоспар құрады	Үлестірме сурет, флипчарт

10 мин 10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** Сюжетті сурет бойынша мазмұндама жаз **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Сюжетті суретті ретпен орналастыру, ауызша әңгімелеу	Сюжетті сурет бойынша мазмұндама жазады Сюжетті суретті ретпен орналастырады, ауызша әңгімелейді	Дескриптор: - Сюжетті дұрыс жеткізеді - Сөйлемді дұрыс құрады -Сауатты жазады Дескриптор: - Сюжетті суретті ретпен орналастырады - ауызша әңгімелейді;	Сюжетті сурет
Сабақтың соңы 5мин	**Бекіту** – Сурет бойынша мазмұндама жазу үшін не істеу керек? – Қандай қиындық болды? – Қай жоспар бөлігін жазу оңай болды? **Кері байланыс** «Сэндвич» әдісі: 1. Маған ұнады... 2. Қиын болды... 3. Ұсынысым...	Сұрақтарға жауап береді, өз ойымен бөліседі Кері байланыс жасайды	«Бағдаршам» әдісі	Бағдаршам суреті, стикер стикер

Сабақ №10,11

Бөлім:	**Мәтіндермен жұмыс жасау**		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сабақ	Аралас сабақ		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Ақпараттық мәтіндермен жұмыс		
Оқу мақсаты	4.2.3.1 – Ақпараттық мәтінді түсініп оқу, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау		
Сабақтың мақсаты	Оқушылар ақпараттық мәтінді түсініп оқиды, ондағы негізгі және қосымша ақпаратты ажыратады, мәтінмен түрлі тапсырмалар орындайды.		
Сабақ барысы			

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Шеңбердегі ақпарат» ойыны	Әр оқушы өз есімінің алғашқы әрпімен басталатын ақпаратты (зат, жануар, т.б.) атайды	«Смайлик» әдісі	Слайд
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** – Ақпарат деген не? – Сен ақпаратты қайдан аласың? – Мәтін арқылы қандай ақпарат беруге болады? **Жаңа тақырып түсіндіру** – Ақпараттық мәтін – нақты дерек пен мәлімет беретін мәтін – Мақсаты – оқырманға жаңа, нақты, маңызды ақпарат жеткізу – Мысалы: энциклопедия, ғылыми мақалалар, танымдық парақшалар	Сұрақтарға жауап береді Тыңдайды, мысалмен дәптерге жазады	Ауызша мадақтау	Слайд Слайд, тірек сызбалар
12 мин	**Топтық жұмыс** **Берілген мәтіндерді оқып, ақпараттық мәтін мен көркем мәтінді табу, дәлелдеу** **Абай Құнанбаев.** Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны. Абай Семейдегі медреседе төрт жыл мұсылманша оқыды. Сонда жүргенде өз бетімен үш айдай оқып, орыс тілін үйренеді. Абай он екі жасынан бастап өлең жаза бастайды. Абайдың жиырмадан	Мәтіндерді оқиды, ақпараттық мәтін мен көркем мәтінді табады, дәлелдейді	Дескриптор: - Мәтіндерді оқиды, - ақпараттық мәтінді табады - көркем мәтінді табады -себебін дәлелдейді	Мәтін парағы, маркер

	астам әндері бар. Абай – халықтың қамын ойлаған ақын. **Бала Абай** Абай Ұлжан, Зере аналарын көңілдендіріп, тағы әңгіме, жырлар айтқызу үшін кейде өзі қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиха» сияқты қиссаларды оқып береді. Әндетіп, мақамдап оқиды. Шешелеріне түсініксіз болған түркі тілінің сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Бірде Абайлардікіне екі бөгде қонақ келіп қонды: бірі – қартаң, екіншісі – жас қонақ. Жасын Абай таниды. Ол – былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы көрпеш-Баян сұлуды» жырлап берген «Байкөкше» деген жыршы еді. Ал қасындағы қартаңдау кісіні Абай білмегенімен, шешесі жақсы таниды екен			
10 мин

Сабақтың соңы 5мин	**Бекіту** – Ақпараттық мәтін мен көркем мәтіннің айырмашылығы қандай? – Ақпаратты қалай бөліп алуға болады? – Қай мәтін қызықты болды? **Кері байланыс** «Сөйлемді аяқта» әдісі: – Бүгін мен білдім... – Маған пайдалы болғаны... – Келесі жолы мен...	Сұрақтарға жауап береді, қорытынды жасайды Кері байланыс жасайды	«Бағдаршам» әдісі	Бағдаршам суреті, стикер стикер

Сабақ №12,13

Бөлім:	**Мәтіндермен жұмыс жасау**			
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сабақ	Аралас сабақ			
Сынып: 4	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Әдеби мәтіндермен жұмыс			
Оқу мақсаты	4.1.2.1 – Әдеби мәтіннің мазмұнын түсіну, кейіпкерлерді сипаттау 4.2.1.2 – Мәтіндегі негізгі ойды анықтау			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар әдеби мәтінді түсініп оқиды, негізгі ойды анықтайды, кейіпкерге сипаттама береді және мазмұнын жоспар арқылы айта алады..			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Кейіпкерді анықта» ойыны	Кейіпкерлерді суретіне қарап анықтайды	«Смайлик» әдісі	Слайд
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** – Әдеби мәтін дегеніміз не? – Әдеби кейіпкерлерді қайдан танимыз? – Әдеби мәтіннен не үйренеміз **Жаңа тақырып түсіндіру** – Әдеби мәтін – көркем тілмен жазылған, адам өмірі, мінезі, іс-әрекеті туралы шығарма – Әдеби мәтінге сұрақ қою, жоспар құру, кейіпкерді сипаттау тәсілдері таныстырылады	Сұрақтарға жауап береді Тыңдайды, мысалмен дәптерге жазады	Ауызша мадақтау	Слайд Слайд, тірек сызбалар

12 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** – Мәтінді оқып, негізгі ойын анықтау – Жоспар құру – Кейіпкерге сипаттама беру Биылғы көктем салқын, жаңбырлы болды. Темірдің анасы экспедицияға жылдағысынан кешігіп аттанды. Бұл жер Темірге бұрыннан таныс. Былтыр анасымен келген. Жалпақ сары төбенің басында сәкілі үш ағаш тұр. Сәкіні осы өңірді зерттеген геологтар жасапты. Көз ұшында -малшылар қыстауы. Көктем шыға көшіп кетеді. Қыстаудың қасында құдық бар. Экспедиция суды сол құдықтан алады. Ол құдықты қазған да геологтар.	Мәтінді оқып, негізгі ойын анықтайды, жоспар құрады, кейіпкерге сипаттама береді	Дескриптор: - Мәтіндерді оқиды, - негізгі ойын анықтайды -жоспар құрады - кейіпкерге сипаттама береді	Мәтін, маркер, постер
10 мин

	1. Бүгін білдім... 2. Қызық болғаны... 3. Келесі жолы білгім келеді...			

Сабақ №14,15

Бөлім:	**Мәтіндермен жұмыс жасау**	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сабақ	Аралас сабақ	
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ғылыми мәтіндермен жұмыс	
Оқу мақсаты	4.2.3.1 – Ақпараттық және ғылыми мәтінді түсініп оқу, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар ғылыми мәтінмен жұмыс жасау дағдысын меңгереді, ондағы басты ой мен қосымша ақпаратты анықтайды, мазмұнын жоспарлап, сұрақтар құрастырады.	

Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Ғылым не үшін керек?»	Оқушылар өз ойын айтады	Ауызша мадақтау	Слайд
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** – Ғылыми мәтін деген не? – Ол қандай мақсатта жазылады? – Қай жерде кездеседі? – Көркем мәтіннен айырмашылығы қандай? **Жаңа тақырып түсіндіру** – Ғылыми мәтін – ғылыми дерекке, фактіге негізделген мәтін түрі – Онда нақты мәлімет, сипаттама, дәлел болады – Мақсаты – ақпарат беру, түсіндіру	Сұрақтарға жауап береді Тыңдайды, мысалмен дәптерге жазады	Ауызша мадақтау	Слайд Слайд, тірек сызбалар

12 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** – Мәтінді оқып, негізгі ойын анықтау – Жоспар құру **Хеопс пирамидасы** Әлемнің жеті кереметінің бірі - Хеопс пирамидасы. Хеопс пирамидасы Египетте орналасқан. Ол шамамен 4600 жыл бұрын салынған. Пирамиданың биіктігі- 146 метр. Пирамиданы салуға екі миллионнан астам үлкен тастар қолданылған. Хеопс пирамидасы -ежелгі сәулет өнерінің ғажайып үлгісі.	Мәтінді оқып, негізгі ойын анықтайды, жоспар құрады	Дескриптор: - Мәтіндерді оқиды, - негізгі ойын анықтайды -жоспар құрады	Мәтін, маркер, постер
10 мин 10 мин	**Жұптық жұмыс** **Тапсырма** **«Хеопс пирамидасы»** мәтіні бойынша сұрақтарға жауап береді 1. Хеопс пирамидасы қайда орналасқан? 2. Хеопс пирамидасы қашан салынған? 3. Пирамиданың биіктігі қандай? 4. Пирамиданы салуға қанша тас қолданылған? **Жеке жұмыс** **Тапсырма** Әлемнің жеті кереметі туралы не білесің?	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді Өзі білетін ақпаратты жазады	Дескриптор: - Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді	Мәтін парағы, маркер суреттер
Сабақтың соңы 5мин	**Бекіту** – Ғылыми мәтіннің ерекшелігі қандай? – Ондағы ақпаратты қалай саралаймыз? – Сұрақ қоюдың пайдасы қандай? **Кері байланыс** «Бүгінгі жаңалық» әдісі: – Бүгін не білдім? – Қай тұсы қызық болды? – Қай тұсы қиын болды? – Енді не үйренгім келеді?...	Сұрақтарға жауап береді, қорытынды жасайды Кері байланыс жасайды	«Бағдаршам» әдісі	Бағдаршам суреті, стикер стикер

Сабақ №16,17

Бөлім:	**Мәтіндермен жұмыс жасау**		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сабақ	Аралас сабақ		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Аралас мәтіндермен жұмыс		
Оқу мақсаты	4.2.4.1 – Аралас мәтіндердегі (мәтін + кесте, диаграмма, сурет) ақпаратты түсініп оқу және талдау		
Сабақтың мақсаты	Оқушылар мәтінмен бірге берілген қосымша ақпарат көздерін (сурет, сызба, кесте) пайдаланып, мазмұнын түсінеді және ондағы мәліметтерге талдау жасайды.		
Сабақ барысы			
Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 мин	**Психологиялық ахуал** «Сиқырлы қобдиша» әдісі	Қобдишаның ішінен шыққан среттерге өз ойын айтып, қысқа мәтін құрады	Ауызша мадақтау	Слайд
Сабақтың ортасы 5 мин	**Қызығушылықты ояту** – Аралас мәтін дегеніміз не? – Қайда кездеседі? – Ол қандай ақпарат көздерін біріктіреді? **Жаңа тақырып түсіндіру** **–** Аралас мәтін – мәтін мен кесте, диаграмма, сурет, сызба т.б. элементтер бірге берілетін мәтін – Ондағы ақпаратты бірлесіп талдау керек	Сұрақтарға жауап береді Тыңдайды, мысалмен дәптерге жазады	Ауызша мадақтау	Слайд Слайд, тірек сызбалар
12 мин	**Топтық жұмыс** **Тапсырма** **«Қазақстанның қазба байлықтары»** (мәтін + карта + сурет) Тапсырма: 1. Мәтінді оқу 2. Картамен жұмыс 3. Ақпаратты біріктіріп, қорытынды жазу	Мәтінді оқып, ақпарат көздерін салыстырады, топта талдап, қорғайды	Дескриптор: - Мәтінді түсініп оқиды - Қосымша элементтерді талдайды - Ақпаратты біріктіреді	Мәтін, карта, сурет, флипчарт
